

Хаттама №

№4 М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектепте 5-10 сынып ата-аналарымен жиналыс болып өтті.

16.11.2023ж

Қатысуға тиісті:

Күн тәртібінде:

1.5-8,10 сыныптарда емтихан өткізуге дайындық жұмыстарын ұйымдастыру, ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Тыңдалды:

1.Ж.Балмашева-мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің Орта білім беру туралы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларының 35-тармағына сәйкес 2023-2024 оқу жылынан бастап негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) білім беру деңгейінде академиялық жыл аяқталған соң қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі» пәні бойынша емтихан тапсыру қарастырылғанын хабарлаймын. Осыған байланысты ағымдағы оқу жылы соңында мемлекеттік емтихан тапсыратын 9,11 сыныптардан басқа 5,8,10 сыныптар түгелдей емтихан тапсыратынын оқушылар мен ата-аналарға түсіндіру ақпараттық жұмыстары жүргізілуі керек.

2.Г.Уткелбаева-мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

5-8,10 сыныптардағы аралық аттестаттау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, сіздерге ұсынылатын болады. Онда емтихан туралы ақпарат толық қамтылып, әлеуметтік желіге орналастырылатын болады. Осыған байланысты білім алушылармен дайындық жұмыстары жүйелі атқарылуы керек.

3.М.Муканғалиева-Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестік жетекшісі.

Ағымдағы жылда негізгі орта білім 5-8,10 сыныптардағы «Қазақ тілі» пәнінен емтихан өткізілетіні туралы ақпараттандық. Кесте бойынша дайындық жұмыстары уақытылы жүргізіліп, оқушылардың емтиханға дайындығы жүйелі қадағаланатын болады.


Мәселелерді талқылай келе қаулы етеді:

1.2023-2024 оқу жылынан бастап 5-8,10 сыныптарда «Қазақ тілі» пәні бойынша тапсырылатын емтихан туралы ақпараттық жұмыс жүйесі жүргізілсін.

2.Емтиханға дайындық жұмыстарының кесте бойынша уақытылы өтілуі қатаң бақылансын.

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:



С.Кабдрахманова

М.Мурзағалиева